

еді». Ұлан-байтақ қазақ даласында динияуи мектептер ашу, балаларды өз ана тілінде оқыту – оның басты арманы болатын.

Жазушы еңбектерінің қомақты бір саласы – аудармалары. Ол И.Крыловтың «Қарға мен түлкі», «Егіннің бастары», «Қайырымды түлкі», Л.Толстойдың «Полкан деген ит», «Силинші», И.Дмитриевтен «Екі шыбын», орыс хрестоматияларынан, көбінесе Паульсонның хрестоматиясынан, «Тәкаппаршылық», «Дүние қалай етсең, табылады», «Талаптың пайдасы», «Үш ұры», «Аурудан аяған күштірек», «Әке мен бала», «Білгеннің пайдасы», «Асыл шөп», «Бақша ағаштары», «Жаман жолдас» «Мейірімді бала» сияқты көптеген шығармалары қазақ әдебиетінің үлесін толықтыратын және одан әрі дамыта түсетін үлкен мұра. Орыс әдебиетінен аударылған мұндай шығармалар қазақ балалар әдебиетінің өсіп, дамуына игі әсерін тигізді. Аудармалардың басым көпшілігі балаларға арналғандықтан алдымен оны оқу да жеңіл болуын қарастыра отырып, қарапайым тілмен жазды. Қазақ әдебиетіне араласып, шұбарлай бастаған араб, парсы, татар, шағатай тілдері Ы.Алтынсарин шығармаларына енген емес. Діни сөздер де кездеспейді. Қазақ тілінің тазалығы үшін күрескен жазушы аудармасының аса құнды жақтары да осы. Әңгімедегі әр сөйлем орамдары мейлінше қарапайым, жай сөйлемдерден тұрып, шағын көлемді болуы, оқиға желісінің қысқа, әрі жеңіл, әрі қызықты болуы оқырманын бос сөзділіктен аулақ ұстап, жинақылыққа баулиды.

Рухани-адамгершілік тәрбие өзіндік сананы дамытуға жағдай жасауды, жеке тұлғаның әдеп ұстанымын, оның қоғам өмірінің нормалары мен дәстүрлерімен келістірілетін моральдік қасиеттерін және бағдарларын қалыптастыруды болжайды. Рухани-адамгершілік құндылықтармен білім жүйесін дамытып қалыптастыру жаңа қоғамның дамуындағы мәні зор, маңызды бағыт. Рухани-адамгершілікке тәрбиелеу арқылы жас ұрпақтың болашағына жол сілтеу – бүгінгі таңдағы маңызды мәселе. Ұлы педагог-ағартушы Ыбырай Алтынсариннің өнегелі өмірі мен еңбектері біз үшін мәңгі өшпейтін мұра. Қазақ әдебиетіне түрлі жаңа үлгідегі туындылар, жаңа тақырыптар, жаңа жанрлар әкелген реалист жазушы, ағартушы ақын Ыбырай шығармашылығы-құндылығы жойылмайтын асыл мұра.

Әдебиеттер тізімі:

1. Алтынсарин Ыбырай тағлымы. – Алматы: Жазушы, 1991.
2. Алтынсарин Ы. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2003.
3. Алтынсарин Ы. Қазақ хрестоматиясы. – Алматы, 2003.
4. Ахметова Ә. Қазақ балалар әдебиетінің кітапханасы. – Алматы, 1992.
5. Дербісәлин Ә. Ы.Алтынсариннің жазушылық қызметі туралы. – Алматы, 1958.
6. Көшімбаев А. Қазақ әдебиетін оқыту методикасы. – Алматы, 1969. – 81-82б.
7. Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизского языка. – Казань, 1860.

БІЛІМНІҢ НҰРЫН ШАШҚАН-ҰЛЫ ЫБЫРАЙ

Шайхыбеков Кенжебек Поездович
география және биология пәндерінің мұғалімі,
Ибраева Эльмира Адилбековна,
бастауыш сынып мұғалімі,
Айтпаева Алия Багдановна,
қазақ тілі мен қазақ әдебиеті мұғалімі,
Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің №115 жалпы білім беретін мектебі» КММ

Аннотация

Өзектілігі: Бұл мақалада біздің еліміздің ұлы ағартушысы Ы.Алтынсариннің педагогикалық қызметіне тоқталамыз. Мұнда Ыбырай Алтынсарин сабақ беру барысында ашқан қазақ жеріндегі алғашқы зайырлы мектептер туралы, «қазақ оқырманы» туралы, оның өзі жазған алғашқы

қазақ оқулығы, Ы.Алтынсариннің оқытушылық және ағартушылық қызметіне қосқан үлесі туралы айтылады. қазақ халқының білімін қалыптастыру.

Мақсаты: Ұлы ағартушының педагогикалық қызметінің мәні мен маңыздылығын көрсету.

Түйінді сөздер: педагогикалық қызмет, зайырлы мектеп, ана тілінде оқыту.

Аннотация

Актуальность: В данной статье речь пойдет о педагогической деятельности великого просветителя нашей страны И. Алтынсарина. Рассказывается о первых светских школах на казахской земле, открытых Ибраем Алтынсариним в ходе его педагогической деятельности, о «Казахской хрестоматии», написанном им первом казахском учебнике, вклад педагогической и просветительской деятельности Ы.Алтынсарина в становление образования казахского народа.

Цель: Показать значение и важность педагогической деятельности великого просветителя.

Ключевые слова: педагогическая деятельность, светская школа, обучение на родном языке.

Abstract

Relevance: This article will focus on the pedagogical activities of the great educator of our country I. Altynsarin. It tells about the first secular schools in the Kazakh land, opened by Ibrai Altynsarin in the course of his teaching, about the "Kazakh reader", the first Kazakh textbook written by him, the contribution of Y. Altynsarin's teaching and educational activities to the formation of the education of the Kazakh people.

Goal: To show the significance and importance of the pedagogical activity of the great educator.

Keywords: pedagogical activity, secular school, teaching in the native language.

XIX ғасырда қазақтың күңгірт жарқыраған жұлдыздарының бірі, тұңғыш ағартушы, әрі жазушы Ыбырай Алтынсарин болғаны әлемге аян. Ол өзінің туған халқы сол тұңғыққа тіреліп тұрған кезде мүлгіген сахараға білім шырағын жарқыратып жағу үшін бар өмірін арнады. Ұлы ағартушы, қазақ балаларының оқуына олардың заман ағымына сай білім алуына ұланғайыр үлес қосқан ұстаз. Ол тек ұстаз ғана емес, сонымен қатар жазушы да. Жазушы дейтін себебіміз, балалардың мектептен білім алуына ғана ат салысып қойған жоқ, ол мектеп оқулықтарын жазып, оны балаларға тарту етті. Біз Ыбырайдың мектеп ашу мақсатымен Торғайға келгенін білеміз. Бұл-1860 жылдың күзі болатын. 1860 жылы Жайықтың шығысындағы қазақтар үшін төрт бастауыш мектеп ашылған кезде, Ыбырай өзі сұранып, Торғай мектебіне мұғалім болуға рұқсат алып, сонда келеді. Бірақ мектеп бірден ашыла қоймайды. Бұл аралықта, Ыбырай ел ішінде мектептің пайдасын түсіндіріп, біраз баланы өз үйінде оқытады. Торғай мектебі 1864 жылы ғана ашылады. «Осы жылы қаңтардың 8-і күні көптен күткен ісім орнына келіп, мектеп ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Бәрі де жақсы, есті балалар. Қазақ даласында бірінші болып мектеп ашып, білім шырағын жағу, ана тілінде оқыту секілді хлық өмірінде бұрын-соңды болмаған зор әлеуметтік мақсаттарды орындады. Ы.Алтынсаринге, әрине, ол кезде оңайға түскен жоқ. Әйтсе де, халқын сүйген, сүйген де оның жарқын болашағына шексіз сенген патриот, жігерлі күрескер Ы.Алтынсарин: «Ал енді құдай басыма не салса да, мен күшімнің жеткенінше туған еліме пайдалы адам болайын деген негізгі ойымнан, талабымнан еш уақытта да қайтпаймын», – деп Н.И.Ильминскийге (1884 жылдың 14 сентабрі) сеніммен жазғанындай, сан-сала қиындықтармен табанды күресе жүріп, әрі орыс достарының, әріптестерінің көмегін, ақыл-кеңесін де пайдалана отырып, осындай қажырлы еңбегі, күресі арқасында 1864 жылы қазақ сахарасының төрінде бұрын құлаққа шалынбаған жаңа әуен-балаларды білімге, өнерге шақырған қоңырау үні тұңғыш рет естілген еді.

Мәдениетті де талантты педагог – жазушы әрі мінезге бай, адамгершілік, жолдас-тық қасиеті мол Ыбырай орыс зиялыларының арасында мейлінше беделді, сыйлы болған. Оқулық жасау жолында оқулыққа Ыбырай мектепте қазақ балаларына білім мен тәрбие берудің басты құралы деп қарайды. Ол балаларға ана тілін таза және ұқыптылықпен үйретеді, шағын көркем шығармалар арқылы оларды жақсы мінез-құлыққа баулуды көздейді. Ыбырай балаларды мазмұны олардың білімін көтеретін, тақырыбы оларды қызықтыратын кітаптарды... қазақтың өз тілінде... басып шығару керек деп

білді. Өзі 1876 жылдан бастап «Қазақ хрестоматиясын» жазуға кірісіп, оны 1879 жылы Орынборда бастырып шығарды. «Бұл кітапты құрастырғанда мен, – деп жазды. Ыбырай хрестоматиясының алғы сөзінде, – біріншіден, осы біздің ана тілімізде тұңғыш шыққалы отырған жалғыз кітаптың орыс – қазақ мектептерінде тәрбиеленіп жүрген қазақ балаларына оқу кітабы бола алу жағын көздедім». «Қазақ хрестоматиясы» балаларға арналған өлеңдер мен шағын әңгіме – новеллалардан құрастырылды. Олардың бірқатарын өзі жазды, біразын сол кездегі орыс оқулықтарынан еркін аударып алды. Хрестоматияға қазақтың халық әдебиетінің үлгілерін де іріктеп кіргізді. Ыбырай «Қазақ хрестоматиясына» кірген өлеңдерінде де халық – ағарту идеясын көтерді.

Ыбырай Алтынсарин өзінің педагогикалық қызметінде оқушылардың тәрбие мәселесіне ғана емес, еңбек білімінің мәселелеріне де үлкен назар аударып отырған, сондықтан ол Торғайда қолөнер училищесін ашты, кейін ол Яковлев училищесі деп аталды. Мектептерді ашпас бұрын Алтынсарин елді мекендердің аумақтық орналасуын, халықтың жиілігін алдын-ала зерттеп отырды, содан кейін ғана мектептерді ашуға кірісті.

Қазақстан жерінде әйелдерді оқыту ісінің басталуы да Алтынсаринның есімімен байланысты. Бұл маңызды бастаманы іске асыру кезінде де ол патша өкіметі тарапынан жасалған кедергілерге тап болды. Ырғызда қазақ қыздарына арналған интернаты бар арнайы мектеп ашылғанда оның қуанышында шек болған жоқ. Уездік, болыстық, ауыл мектептерінің ашылуымен бірге Алтынсариннің басты еңбектерінің бірі – 1883 жылы Орск қаласында тұңғыш қазақ Мұғалімдер мектебінің ашылуы. Онда қазақ мектептері үшін мұғалімдер даярланды.

1887 жылы 10 желтоқсанда көрнекті ұстаз Қостанай уезінде Обаған бір сыныптық болыс мектебінде жеке алғашқы сабақтарын берді.



Обағандағы болыстық мектеп

Бұл мектеп кейіннен орыс-қазақ училищесі болып өзгертілді және 1940 жылы 7 шілдеде 2 курс құрамымен Меңдіқара қазақ педагогикалық училищесі ашылды. 1949 жылы училищеге қазақ халқының ұлы перзенті, оның негізін қалаушы – Ыбырай Алтынсариннің есімі берілді. 25 жыл өткеннен соң училище Рудный қаласына көшірілді, ал 1992 жылы Ы. Алтынсарин атындағы Рудный әлеуметтік-гуманитарлық колледжі болып ауыстырды.

Білімін өзі жүйелі жетілдірудің нәтижесінде ол өз заманының аса білімді азаматы болды. Орыс педагогика ғылымының тарихы мен өз тұсындағы жағдайын терең зерттеп білу оны қазақ халқының аса көрнекті ағартушысы етіп қалыптастырды. Ы. Алтынсарин орыс-қазақ мектептерінің оқу-шыларына арнап екі оқу құралын: «Қырғыз (қазақ) хрестоматиясы» мен «Қырғыздарға (қазақтарға) орыс тілін уйретуге алғашқы басшылық» жазып шықты. Ол қазақ балалары үшін зайырлы мектептер ашуды армандады. 1860 жылы облыстық басқарма оған Торғай қаласында қазақ балалары үшін бастауыш мектеп ашуды тапсырды. Өзі сол мектепте орыс тілінің мұғалімі етіп тағайындалды. Ағартушылық идеялары жігерлендірген ол ауыл-ауылды аралап, жергілікті халыққа білім арудың маңызы мен қажеттілігін түсіндіруге күш салды. Ондай мектептер ашу

үшін қаржы-қаражат жинауды қолға алды. Ондай ақшаның алғашқы үлесін Ы. Алтынсариннің өзі қосты. Осыдан бастап оның ағартушылық және педагогикалық қызметі басталды. 1864 жылы қазақ балаларына арналған интернаты бар мектеп салтанатты түрде ашылды. Үгіт жұмыстарының нәтижесінде оқуға 16 бала жазылды. Кейінірек бұл мектептердегі оқушылардың саны арта бастады. Халық ағартушысы жүргізген үгіт жұмыстары нәтижелі болды. Бұл ретте ол былай деп қуана жазды: «Аш қасқырдың қойға ұмтылғаны сияқты, мен балаларды оқытуға қызу кірістім және мені өте қанағаттандыратыны – бұл балалар әлдеқандай уш айдың ішінде оқуды, тіпті жазуды үйреніп алды». 1879 жылы Ы. Алтынсарин Торғай облысы мектептерінің инспекторы болып тағайындалды. Оның еңбегінің арқасында білім беру саласы қазақ даласында кең орын алды. Атап айтқанда, облыстың барлық уездік қалаларында училищелер ашу қолға алынды. Ол осы мақсатпен Торғай облысының қазақ ауылдарын түгел аралап шықты. Халықтан қажетті қаржы жинастырды. Соның нәтижесінде Ырғыз, Николаев, Торғай және Елек уездерінде екі сыныптық орыс-қазақ училищелерін ашты. Оларды мұғалімдермен және оқушылармен толық қамтамасыз етті.



Ы. Алтынсарин патша өкіметінің жергілікті халыққа қысым жасайтын жүгенсіз саясатын айыптап отырды. Оған 1880 жылы «Оренбургский листок» газетінде жарияланған мақалалары айқын дәлел. Ол өз ғұмырының соңғы кезінде былай деп жазды: «Мен түбегейлі терең сеніммен туған халқыма шамамның келгенінше пайдамды тигізем деген ниетімнен ешқашан бас тартпаймын». Ы. Алтынсариннің ұшан-теңіз еңбегі қазақ халқының экономикалық дамуына, білімкөкжиегінің кеңеюіне, рухани және мәдени гүлденуіне игі ықпал етті. Оның есімі халықтың есінде мәңгі сақталады. Бүгінде Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік білім академиясы Ыбырай Алтынсариннің есімімен аталады. Еліміздегі педагогтар қауымының ең таңдаулы өкілдері жыл сайын Ы. Алтынсарин атты төсбелгімен марапатталады. Ағартушы ғалымның құрметіне жыл сайын ғылыми конференциялар өткізіліп тұрады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ әдебиеті энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы, 2005.
2. Ы.Алтынсаринге арналған топтама. – Қостанай таңы, 06.12. 2016. <https://kostanaytany.kz/archives/46307>
3. Дербісәлин Ә. Ыбырай Алтынсарин: Деректі ғұмырбаяндық эссе – хикаят және ғылыми-зерттеулер 3 томдық шығармалар жинағы. 1-ші том. – Алматы: Дәуір-Кітап, 2015. – 632 б.

ДАЛАНЫҢ АЛҒАШҚЫ ҰСТАЗЫ- ЫБЫРАЙ АЛТЫНСАРИН

Шолпанқұлова Қарлығаш Амангелдыевна
М.Х.Дулати атындағы Тараз өңірлік
Университетінің аға оқытушысы, Тараз қ.

Аннотация

Өзектілігі. Ыбырай Алтынсарин – өз халқының талантты ұлы, ұлт мақтанышы. Ол қазақ халқының мәдениетін дамытуға үлкен үлес қосты, оның еңбектері мен барлық шығармашылығы та-